ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 22 шілде іс № 7119-24-00-2/6898 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Э.Е.Ебенбаева,
сот отырысының хатшысы Л.Б.Мамырғажының қатысуымен,
ашық сот отырысында аудио-, бейнетіркеумен қойылған талап бойынша электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің «Республикалық ветеринариялық зертхана» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
«AAL Group» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану

СОТҚА ҚАТЫСҚАН (телефон жүйесі арқылы)**:**
талап қоюшының өкілі Р.К.Елюбаев

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2024 жылғы 11 сәуірде тараптар арасында жасалған тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы №030140001998/240327/00 шарт (әрі қарай – шарт) бойынша «AAL Group» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (әрі қарай - өнім беруші) Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің «Республикалық ветеринариялық зертхана» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына (әрі қарай – тапсырыс беруші) 294 400 теңгеге сіркесулы ангидрид сұйықтықты (әрі қарай – тауар) жеткізуге міндеттенген.

Шарт бойынша жауапкер тауарды шартқа қол қойылған күннен бастап 30 күн ішінде, яғни 2024 жылғы 10 мамырға дейін жеткізуге міндеттенген. Алайда жауапкер тауарды жеткізбеген.

Шарт міндеттемелері тиісінше орындалмағаны үшін, біржақты тәртіппен бұзылған.

Талап қоюшы жауапкерді шарт бойынша міндеттемелерін тиісті түрде орындамағандығына байланысты, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тануды сұраған.

Талап қоюшының өкілі сот отырысында талап қоюды қолдап, жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тануды сұраған.

Жауапкер сотқа пікір жолдаған. Онда талап қоюды қараусыз қалдыруды сұраған. Себебі, тауар жақын арада талап қоюшыға тапсырылады деп көрсеткен.

Сот отырысының болатын орны мен уақыты туралы хабарлама арқылы жауапкер ескертілген. Алайда жауапкер сот отырысына, оған дейін алдын ала сот отырысына да қосылмады.

Осыған орай, сот Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің (әрі қарай –АПК) 196-бабына сәйкес азаматтық істі жауапкердің қатысуынсыз қарауға мүмкіндік бар деп санайды.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (әрі қарай – АК) 272-бабына сәйкес міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда - іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының 12, 46-баптарына сай, мемлекеттік сатып алу туралы шарт тапсырыс беруші мен өнім беруші оған қол қойғаннан кейін күшіне енеді. Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі: өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді. Осы баптың 4-тармағы бірінші бөлігінің 1) және 3) тармақшаларында көзделген мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі заңды күшіне енген сот шешімдерінің негізінде қалыптастырылады.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің (әрі қарай –АПК) 15-бабына сәйкес азаматтық сот ісін жүргізу тараптардың жарыспалылығы мен тең құқықтылығы негізінде жүзеге асырылады. Тараптар азаматтық сот ісін жүргізу барысында өз ұстанымын, оны қорғау тәсілдері мен құралдарын өз бетінше және соттан және іске қатысатын басқа да адамдардан тәуелсіз таңдайды. Сот шешімді әрбір тарапқа бірдей

Документ подписан: Ебенбаева Э. Е., 22.07.2024
Дата вступления в законную силу: 30.08.2024, судья Шамшильдин Т., 26.09.2024
7119-24-3-1/6329

негіздерде зерттеуге қатысуды қамтамасыз еткен дәлелдемелерге ғана негіздейді.

Тараптар арасында шарт жасалған. Шарттың қолданыс мерзімі 2024 жылдың 31 желтоқсанына дейін. Шарттардың №1 қосымшасында тауардың сипаттамасы, саны және жеткізу мерзімі көрсетілген.

Жауапкер шарт бойынша міндеттемелерін орындамаған.

Сотқа жауапкер пікір жолдаған. Бірақ пікірдегі уәждерін дәлелдейтін АПК-нің 64, 65, 67 – баптарына сай қатысты, жарамды және анық дәлелдемелерді сотқа табыстаған жоқ.

АК-нің 349-бабына сай міндеттемені орындамау, не тиісті дәрежеде орындамау (мезгілінде орындамау, тауарлар мен жұмыстарды толық орындамау, міндеттеме мазмұнында белгіленген басқа жағдайларды бұзып орындау) - тиісінше орындамау оның бұзылуы деп түсініледі. Тиісті дәрежеде орындауға мүмкіндік болмаған жағдайда борышқор бұл туралы несие берушіге дереу хабарлауға міндетті.

2024 жылғы 16 мамырда талап қоюшы мемлекеттік сатып алу веб-порталы бойынша шартты біржақты бұзу туралы хабарлама жолдаған. Онымен жауапкер сол күні танысқан. Өнім берушімен тапсырыс берушінің әрекеті сотта шағымданбаған. 2024 жылғы 19 маусымда жауапкер веб-портал арқылы шарт бойынша тауарды жеткізе алмаймыз деп хабарлама жазған.

Шарт 2024 жылғы 17 шілдеде бұзылған. Дауды қарағанда өнім беруші шартта көзделген міндеттемелерін толық орындамағаны және тапсырыс беруші шарт бойынша тауарды алмағаны анықталды.

Сот жоғарыдағы мән-жайларды негізге алып, жауапкер шарттың міндеттемелерін орындамағанын, оның салдарынан тапсырыс берушінің тауарды ала алмағанын ескеріп, өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабы негізді болып табылады және қанағаттандырылуы қажет деген тұжырымға келеді.

АПК-нің 117-бабына сай жауапкерден мемлекет пайдасына 1 846 теңге мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226, 229 -баптарын басшылыққа алып,

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің «Республикалық ветеринариялық зертхана» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының талап қоюы қанағаттандырылсын.

Документ подписан: Ебенбаева Э. Е., 22.07.2024
Дата вступления в законную силу: 30.08.2024, судья Шамшильдин Т., 26.09.2024
7119-24-3-1/6329

«AAL Group» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«AAL Group» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет пайдасына 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Шешімге іске қатысқан тұлғалар апелляциялық шағымды, прокурор апелляциялық өтінішхатты АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласы сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап бір ай ішінде, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар оларға шешімнің көшірмесі жіберілген күннен бастап сол мерзімде беруі мүмкін.

Судья **Э. Ебенбаева**

Документ подписан: Ебенбаева Э. Е., 22.07.2024

Дата вступления в законную силу: 30.08.2024, судья Шамшильдин Т., 26.09.2024

7119-24-3-1/6329